

Өлең - сөздің патшасы

Бүгін оқырмандар тілегі бойынша қазіргі қазақ поэзиясы жауһарларының өлеңдерін жариялап отырмыз. Олардың әрқайсысы өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, айтары бар танымал ақындар. Алайда маңыздысы бұл емес. Бастысы – оларды біріктіріп тұрған бір дүние бар. Ол – отанға деген махаббат, қоғамның келелі мәселелеріне деген көзқарас пен жауапкершілік. Олардың қаламына арқау болған тағы бір мәңгілік тақырып – сұлулық, адамгершілік пен әділет.

Алмат ИСӘДІЛ

1976 жылы 20 желтоқсанда Алматы қаласында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Қазақстан жазушылар одағының, Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Өлеңдері «XXI ғасыр поэзиясының антологиясы» сынды бірнеше ұжымдық жинақтарға енген. «Отырар кітапханасының» тұңғыш сериясымен жарық көрген «Жолдар, жолдар...», «Көңілалаң», «Көкжиекке сіңген жол», «Мен – Қазақтың баласы», «Аспанғау», «Бір тамшы» кітаптарының авторы.



САРЫ КҮЗ...

Сарытаудың етегінде сары күз,
Сарыала қаз салды аспанға тағы да із...
Сағынышпен еске аламын сені әлі,
Сары бала ғашық болған сары қыз.

Өзің едің сүйкімді қыз – бұрымдым,
Бағын ашқан менің ақындығымның.
Ең алғашқы оқырманы сен болдың,
Ең алғашқы жазған балаң жырымның.

Арманымды жасап алып лағылдан,
Көшке ілестім қала жаққа ағылған.
Қайқы бел қыз – қолың бұлғап
қалып ең,
Қайқыны асып кеткенімде ауылдан.

Махаббаттан баз кешкендей зар илеп,
Бірде дана, бірде бала – сәби боп.
Сеннен алыс жүрдім алып шаһарда,
Есенин боп, бірде Мұқағали боп.

Тағдырменен тайталасып, алыстық,
Ақынбыз деп лапылдадық, зәр іштік.
Бірақ маған сол баяғы – бейкүнә,
Сары қыз бен сары бала әлі ыстық.

...Сарытаудың етегінде сары күз,
Сары күзге ұқсаймыз-ау бәріміз.
Мезгілдерге міз бақпай тұр тек қана,
Аспанғаудың басындағы кәрі мұз.

Басқа арнадан табылды да бағымыз,
Бірте-бірте алыстады жанымыз.
...Ауылымнан тағы да ұзап барамын,
Мойын бұрып, бір сәт артқа
қарадым:
Қолын бұлғап тұр ма екен деп сары қыз.

ЕСЕНИННІҢ ЕЛІНДЕ...

Беренелі сол үйлер,
Сол баяғы, сол өлке:
Басын жерге сәл иген,
Қайың түбі – көлеңке.

Бәрі, бәрі қалпында,
Көне шіркеу, сол орман.
Қалпында жүр халқың да,
Күпәйкесі жамалған.

Өлеңіңді ежіктеп,
Әніңді айтып мұжықтар,
Есенинге еліктеп,
Көшеде жүр «бұзықтар».

Жанарыңда мұң, нала,
Білгісі кеп сырыңды,
Пеш түбінде бір бала,
Оқып отыр жырыңды.

Ел-жұртыңа қош, қош деп,
«Тым аулаққа» кеткенде.
Есенинде ес жоқ деп,
Тілдеп еді көп пенде.

Мұқағали мұң шағып,
Тағдырыңмен үндескен.
Қызыл қоғам мін тағып,
Ол да сендей күн кешкен.

Шайқап жүрдің, шайырым,
Шараптан да бас алмай.
Қасіретке байыдың,
Күйігіңді баса алмай.

Гитараның күйімен,
Көңіл мұзын еріттің.
Айседора биіне,
Есің кетіп, еліттің.

Тағдыр неге мұңайтып,
Жігеріңді уатты?
...Шағанәңе сыр айтып,
Өзіңді-өзің жұбаттың,

Қайран анаң қамығып,
Қаншама рет езілді?
Желбегейін жамылып
Тосты қанша жолыңды?..

Елге оралдың ақыры,
Артта қалып елес-күн:
Русьтің Ұлы ақынын,
Елемеді көп ешкім...

Өртендің де, жандың да,
Жырға арналды хас, күшің.
Есігіңнің алдында,
Мұңайып тұр тас мүсін.

Елге аңыз болдың да,
Жарқырады нұрлы айың.
Есігіңнің алдында
Жалғызсырап тұр қайың...



Жанарбек ӘШІМЖАН

1976 жылы 1 сәуірде Алматы облысы Кеген ауданы Жалаңаш ауылында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдаған. Қазақстан жазушылар одағының, Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

Халықаралық «Шабыт» фестивалінің «Гран-при» иегері. Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

* * *

Адалдығы – пәк сәбидей, баладай,
дархандығы – далиған кең даладай,
ақ көңілі – анам жайған өредей,
тектілігі – төрде отырған төредей,
бағбандығы – бал жинаған арадай,
маған адал дос керек!

Күн туғанда ту түбінен ту алар,
арғымағын жер шетінен суарар,
Арал болсаң – ары бірге қуарар,
тек жеңістен тұрмайды ғой бұл жорық,
сәтсіздікте сабырына жұбанар,
маған асқан бауыр керек!

Адырнасын ту сыртымнан атпайтын,
алдаспанын тек жорыққа сақтайтын,
есерлігін ерлігімен ақтайтын,
шибөріше ши түбінде жатпайтын,
жекпе-жектең кіргізетін шырайын,
қан майданда қас жауын да сатпайтын,
маған текті жау керек!

Жасын ұрса жар таба алмай тығылар,
жүргендердің көздерінің сұғы бар,
уысымда жүргендердің уы бар,
туған елдің тұмасының суы – бал,
жарым көңіл жалшының да бақыты –
босағадан еркін еніп жығылар,
таңбасы бар, картасы бар, Туы бар,
маған бүтін Отан керек!

АНА

Аяздарда жабырқап, жасымаған,
Аптаптардан ап өткен көшін аман,
Тар кезеңде тағдырдан шошымаған.
Бар кезеңде арнадан тасымаған.
Шаңырағын басына тік көтеріп,
Суарылған семсердей сертке берік,
Аяңдай басып келеді, асыл АНАМ!

Асыл анам, жайнаған жасыл бағым,
Қасарысқан тағдырға бас ұрмадың,
Орта жолда опат боп асыл жарың,
Бізге мәлім қамығып, ашынғаның,
Он баланың жалауын тіктеймін деп,
Ошағыңның жылуын қашырмадың.

Шыр айналған шиеттей бала-шаға,
Ұрындырмай қаңтар мен қарашаға,
Мойын бұрмай думанға, тамашаға,
Формуласын шешті анам тағдырының,
Ауық-ауық жылап ап оңашада.

Намысымды таптатпай жат біреуге,
Өміріміз бұл күнде сап түзеуде.
Аналарға дейтұғын ұлы сезім,
Сағат сайын кеудемді тепкілеуде.

Қалқаман САРИН

1978 жылдың 2 қаңтарында қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Арқат ауылында дүниеге келген. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тарих факультетін бітірген. «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жеңімпазы, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. «Арманымның бейнесі», «Құс жолындағы керуен» жыр жинақтарының авторы.



АУЫЛҒА БАРДЫМ...

Ауылға бардым... бала күндерім
кекілді,
Алдымнан шықты. Ақ жауын
жуып бетімді,

Алақаныма тамшысы жылы тиеді,
Аяулы анамның аппақ жаулығы
секілді.

Тірліктің мынау тозаңы түгел басылып,
Күн шықты кенет аспанның көзі
ашылып.

Жазира белдің жұпар ауасын жұтамын,
Жанымның мұңын жап-жасыл
желек жасырып.

Табиғат – Ана бауырына басып лезде,
Мейірімін төгіп мендегі мөлдір мінезге.
Ерке күндердің елесін беріп сол сәтте,
Күннің де анау құйылып тұрды
нұры өзге.

Көңілді, шіркін, көк шалғынға
алса аунатып,
Сағынышымның сөнбейтін отын
лаулатып.

Аспанға өрлеп, ақ бұлтқа қолым
созамын,
Қиялым менің қиналмай шығып
тауға тік.

Арманыма ұқсас ақша бұлттардың
үлпілдек,
Жанары жасқа толып тұр тағы
шүлпілдеп.
Бала күндердің есімнен кетпес елесі,
Батқан күнменен барады сөніп
біртіндеп.

Шаңдақ жол жатыр шақырып тағы
шалғайға,
Жазғырма мені... Жазылған тағдыр
маңдайға.

Кетуге, бірақ, қия алмай тұрмын,
тамсанып
Анамның берген ақ құртын салып
таңдайға.

ТӘУЕЛСІЗДІК

Еркіндігім.
Қасиеттім.
Қастерлім.
Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!
Кеше сенің келбетіңді арман ғып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің!

Уа, Еркіндік,
қош келдің!Өзегімді өртке ораған
қоғамда,
Өз үйіме өзім өгей болам ба?!
Алшаң басып жүре алмаса алты алаш
Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!
...Саған жету қиын болса қаншалық,
Сақтап тұру қиынырақ одан да!
Алла берген азаттықтың әр сәті-
Аманат қой
Маған,
Саған
Оған да!

Саясатқа сермей алмай семсерді,
Езгі күнге тері қылдым еңсемді!
Желтоқсанда жалын атып жастығым,
Құрсау болған темір қоғам теңселді!
Есте даңқы қыршындардың қалды ма,
Сексен алты ерлігім бе-ей, ең соңғы!?
Уа, еркіндік,
Құның немен өлшеңді!?

Уа, еркіндік!
Құның немен өлшенді?!
Сені көксеп
Боздақтарым өлсе өлді!
Сенсің менің ең ғажайып өлеңім,
Ең шуақты,
Ең шырайлы,
Ең шерлі!
Әр таңыңды сүйіншілеп тұрайын-
Құдай берген ғұмырымда өлшеулі!

Ерлан ЖҮНІС

1984 жылдың 7 қарашасында Алматы облысы Жамбыл ауданында дүниеге келген. М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Әлем тілдері» факультетін тамамдаған. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. «Жыр-перзент», «Киелі түндердің дұғасы», «Хауас», «Ғаусар» жыр-жинақтарының авторы. Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінде Гран-при және Президент кубогінің иегері.



БОЛАШАҚҚА ХАТ

Болашақ, мен сені өткергем,
Ішімнен, түсімде, өткенмен,
Бір сәтке тұрмайтын ғасырмен,
Мыңжылға бергісіз сәттермен,
Болашақ, мен сені өткергем.
Болашақ, мен сені сүргенмін,
Бір дем мен арасы бір демнің,
Жыласам, сен болып жылағам,
Күлсем де, сен болып күлгенмін,
Болашақ, мен сені сүргенмін.
Болашақ, мен сенде болғанмын,
Сертімен үмітті таңдардың,
Дертімен үмітсіз жандардың,
Елесі секілді арманның,
Болашақ, мен сенде болғанмын.
Болашақ, мен сенде туғанмын,
Жап-жарық жұлдызбен нұрландым,
Жанымды, арымды, тұлғамды,
Бүгін жоқ тауларға шығарып,
Бүгін жоқ теңізге жуғанмын.
Өзімнен не көрдім, не кештім,
Кімдермен сырластым, кеңестім.
Жүрегім өзіңде сақтаулы,
Жоғалтып алмауы үшін ол,
Сені ешкім,
Болашақ.